Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Каримова Бибигуль Жумашовнаның «Ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары: тәжірибе мен ұлттық үлгі» атты ғылыми диссертациясына ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Бауыржан Өміржанұлы Жақыптың

ПІКІРІ

Елімізде белең алып отырған кез-келген экологиялық мәселе ғаламдық экологиямен де тығыз байланысты екені белгілі. Қоршаған ортадағы экологиялық ахуалды жақсарту үшін кез-келген тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы алдыңғы кезекке қойылады. Қарастырылып отырған диссертациялық жұмыстың өзектілігі де осында.

Жұмыстың «Отандық және шетелдік медиакеңістіктегі экологиялық мәселелер көрінісі» атты бірінші тарауында экологиялық мәдениет қалыптастыру негіздерін көрсете отырып Қазақстан мен Шет елдердегі экологиялық білім беру жүйесі мен экологиялық журналистика мәселелерінің өзектілігін атап өтеді. Отандық және шетелдік ақпараттардағы экологиялық мәселелер жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осы ретте Қазақстан мен шетелдік тәжірбиелердің арасында ортақ бірлесіп атқаратын шаралар қатарын нақты деректермен берген.

Зерттеу барысында Б. Каримова БАҚ қоршаған орта мен оны қорғау туралы экологиялық мәселелермен қоғамды ақпараттандырып қана қоймай, халық арасына насихаттап, таратып, экологиялық сананың қалыптасуына үлес қосады деп атап көрсете отырып, БАҚ дискурсындағы экологиялық ақпараттарға контент талдау арқылы нақты сандық көрсеткіштерге жіті мән бергенін байқауға болады.

Докторант Б. Каримованың жұмысты жазу барысындағы ой-пікірлері, тұжырымдары мен қорытындылары жүйелі әрі нақты. Зерттеу барысында ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдарының ұлттық негізден бастау алатынын айта келе шетелдік тәжірбиелерге де назар аударып өзара салыстырулар жасауы ұтымды шыққан. Экология саласындағы зерттеулерді ғылыми аспектіде зерделей отырып, практикалық және теориялық тұрғыдан құнды нәтижелерге қол жеткізе алған және алынған нәтижелер бір-бірімен байланыса қарастырылған.

«Экологиялық мәдениет қалыптастырудағы отандық және шетелдік тәжірбие» атты екінші тарауда қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәселелер турасындағы Отандық және Шетелдік тәжірбиедегі ортақ траекторияларды көрсете отырып, Семей полигоның зардаптары турасында мәліметтер мен деректер келтіреді. Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогиканың ықпалы мен тұлға дамуына

ұлттық болмыстың әсері турасында айтады. Қоршаған ортадағы адам және табиғаттың өзара үйлесім табуын мысалдармен береді.

Диссертация тақырыбының аясы кең, соған орай докторант Бибигуль Каримова көп ізденіп, ауқымды жұмыстар атқарғаны байқалады. Экологиялық мәдениет қалыптастырудағы ұлттық тәрбие мен ұлт дүниетанымын сипатын түрлі ғылыми пайымдаулармен жеткізе отырып, тың деректермен қарастырылады. Зерттеу барысында әлемдік өркениеттің экожүйесінің жетістіктерін түбегейлі қайта қарастыруға, адам мен табиғат байланысы, табиғатқа деген сүйіспеншілікке елеулі өзгерістер еніп, бет бұрғанын бағамдай келе, қоршаған ортаға деген дүниетанымын кеңейту стратегиясын қалыптастыруға қажеттілік бар екенін, оның ұлт дүниетанымына да қатыстылығын атап көрсетеді. Зерттеу нысаны ретінде экологиялық мәселелерді шешумен экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдарын жан-жақты қарастыру міндетін алға қойған.

Экоақпараттарды сауатты жеткізе білу мен бағамдай алуда БАҚ-тың ролінің ерекше екендігіне, телевизияның экологиялық мәселелерді көтере білуі тұрғысынан көптеген телевизия бағдармаларының көрілім көрсеткішіне, баспасөздегі экология мәселелерінің жазылуына, радиобағдарламалардағы экожаңалықтардың сипатына бағам жасауы, сандық, контент талдаулар арқылы беруі ауқымды жұмыстар атқарғандығының көрінісі.

Үлкен қалалардағы тұрмыстық-экологиялық факторлардың шешілуіне әсері бар «Ақылды қала» жобаларының жүзеге асырылуы мәселесін де зерттеу нысаны аумағында қарастыруы оң деп есептеймін.

Б.Каримованың диссертациялық зерттеуі кіріспеден, үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Жұмыстың тараулары мен тараушаларында өзара бірізділік, байланыс сақталған.

Ізденуші Бибигуль Каримованың «Ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары: тәжірибе мен ұлттық үлгі» атты диссертациясы философия докторы (PhD) атағын алуға әбден лайық деп білемін.

Отандық ғылыми кеңесші,
ф.ғ.д., профессор **Б.Ө. Жақып**